

**Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының аумағындағы шақыру  
учаскесіне еркек жынысты Қазақстан Республикасының азаматтарын тіркеуге  
алуды жүргізу туралы**

*Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы әкімінің 2010 жылғы 15 желтоқсандағы N 24 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 22 желтоқсанда N 13-8-136 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы әкімінің 2011 жылғы 18 қарашадағы N 40 Шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы  
әкімінің 2011.11.18 N 40 Шешімімен**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-ІІ Заңының 33-бабына, «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 Заңының 17, 18-баптарына және 2006 жылғы 5 мамырдағы № 371 «Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысына сәйкес, **ШЕШІМ** қабылдаймын:

1. Қазақстан Республикасының еркек жынысты азаматтарын, тіркеуге алу жылы 17 жасқа толатындарды тіркеуге алу 2011 жылғы қаңтар-наурызда шақырту учаскесіне ұйымдастырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.С. Колесниковке жүктелсін.

3. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Қ. Пшенбаев*